

**Б.Д. Дүйсенов<sup>1\*</sup>, Х. Назыр<sup>2</sup>, Қ.С. Құрманбаева<sup>3</sup>**<sup>1,3</sup>Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан<sup>2</sup>«Алтын парак» баспасы, Алматы, ҚазақстанE-mail: <sup>1</sup>bagdat75@inbox.ru, <sup>2</sup>hasannazirov1@gmail.com, <sup>3</sup>kurmanbayeva.ks@gmail.comORCID: <sup>1</sup>0000-0002-4313-1874, <sup>2</sup>0000-0002-0176-8893, <sup>3</sup>0000-0002-0176-8893**МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «БІЛІМ АЛУ» ЖОЛЫ**

**Аңдатпа.** Қазақстандағы білім алу жолын, ілім үйрететін мектеп-медреселерді, ондағы оқытылған кітаптарды, ұстаздарды тарихи өлшем тұрғысынан қарастыру бағытында ұлы тұлға, ақын, ғалым, данышпан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) білім алу жолын зерделеу арқылы көп деректің көзін ашуға болады. Осы мақсатта XIX–XX ғасырларда «білім алу» дәстүрлері жан-жақты талданып, қазіргі күні белгісіз кітап аттары мен ілім жолдары толыққанды зерттелді. Мәшһүр Жүсіп бес жасында (1863) Баянауылда Нәжмиддин хазіреттен, сегіз жасында (1866) Қамариддин хазіреттен сабақ алған. Он бес жасында (1872-1874) Исабек ишанның (1804-1883) жол көрсетуімен Түркістан мен Бұхарада, жиырма тоғыз жасында (1887) тағы да Бұхараға барып, Хамза қожа мен *Мударриу* (ұстаз) Сиражиддин ноғайдан «Пайи астана» мешіт-медресесінде білім алған. Отыз жеті жасында (1895) Ташкентте медресе салдырған атақты ғалым Әбілқасымханның немересі Әкрамхан төреден рухани тәлім алған. Медреселерде «Әптиекті» бітіріп барып, Құранға түсетін болған. Әптиек / Хафтияк (هفتیک) парс. – «жетіден бір» деген мағынаны білдіреді. «Шар» кітап (چهار کتاب) – кезінде медреселерде оқытылатын төрт кітаптың топтамасы. Олардың екеуі өлең түрінде, екеуі қара сөз түрінде жазылған. Сопы Аллаяр араб, парсы, түркі (шағатай) тілінде жазған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы білім алған оқу орталықтарының тарихы, ұстаздарының өмірі мен шығармашылық жолы және ол қолданған оқулық әдебиеттерінің ерекшеліктерін зерттеу XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы ағартушылық дәуіріндегі қазақ қоғамының «сауаттылық» ұғымының тарихын ашуға мүмкіндік береді.

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-кәтерлер мен жаңа перспективалар» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR20281006).

**Кілт сөздер:** Мәшһүр Жүсіп, білім алу, қолжазба, «Әптиек», «Шар» кітабы, мектептер, оқулықтар

**Б.Д. Дюсенов<sup>1\*</sup>, Х. Назыр<sup>2</sup>, Қ.С. Курманбаева<sup>3</sup>**<sup>1,3</sup>Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан<sup>2</sup>Издательство «Алтын парак», Алматы, КазахстанE-mail: <sup>1</sup>bagdat75@inbox.ru, <sup>2</sup>hasannazirov1@gmail.com, <sup>3</sup>kurmanbayeva.ks@gmail.comORCID: <sup>1</sup>0000-0002-4313-1874, <sup>2</sup>0000-0002-0176-8893, <sup>3</sup>0000-0002-0176-8893**Путь «получения образования» Машхура Жусупа Копейулы**

**Аннотация.** Изучение пути получения образования великой личности, поэта, ученого, мыслителя Машхура Жусупа Копейулы (1858-1931) позволит раскрыть многие данные об образовании, школ-медресе, книгах, учителях Казахстана того времени. С этой целью были всесторонне проанализированы традиции «обучения» XIX и XX веков, полностью изучены названия книг и неизвестные сегодня способы обучения. Машхур Жусуп в пятилетнем возрасте (1863 г.) в Баянауле обучался у хазрета Наджмиддина, а в восьмилетнем возрасте (1866 г.) у хазрета Камариддина. В пятнадцать лет (1872-

1874) он отправился в Туркестан и Бухару под руководством Исабека Ишана (1804-1883), в двадцать девять лет (1887) снова поехал в Бухару и учился у Хамзы ходжи и *Мударриса* (учитель) ногай Сиражиддина в мечети-медресе «Пайи Астана». В возрасте тридцати семи лет (1895 г.) он получил духовное образование у Акрамхана торе, внука известного ученого Абулкасымхана, построившего медресе в Ташкенте. В медресе окончил хафтияк и изучал Коран. Хафтияк (هفتیک) перс. – означает «один из семи». Книга Шахр (چهار کتاب) перс. – это коллекция из четырех книг, которые преподавались в медресе. Две из них написаны в стихах, остальные две в виде прозы. Книги Суфий Аллаяра, он писал на арабском, персидском, тюркском (чагатайском) языках. Изучение истории учебных центров, жизненного и творческого пути его учителей и особенностей учебной литературы, использованной в обучении Машхуром Жусупом Копейулы, позволят раскрыть историю понятия «образованность» казахского общества в эпоху просвещения в конце XIX-го, начале XX-го вв.

**Благодарности:** Статья выполнена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Страны Востока: геополитические вызовы и новые перспективы для Казахстана в историческом и современном измерениях» (индивидуальный регистрационный номер: BR20281006).

**Ключевые слова:** Машхур Жусуп, образование, рукопись, хафтияк, книга шахр, школы, учебники.

***B.D. Dyussenov<sup>1\*</sup>, H. Nazir<sup>2</sup>, K.S. Kurmanbayeva<sup>3</sup>***

*<sup>1,3</sup>R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Publishing house "Altyn paraq", Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: <sup>1</sup>bagdat75@inbox.ru, <sup>2</sup>hasannazirov1@gmail.com, <sup>3</sup>kurmanbayeva.ks@gmail.com*

*ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-4313-1874, <sup>2</sup>0000-0002-0176-8893, <sup>3</sup>0000-0002-0176-8893*

## The path of "getting an education" by Mashkhur Zhusip Kopeiuly

**Abstract.** Studying the path of education of the great personality, poet, scientist, thinker Mashkhur Zhusip Kopeiuly (1858-1931) will reveal many data about education, madrasah schools, books, teachers of Kazakhstan at that time. To this end, the traditions of «learning» of the XIX and XX centuries were comprehensively analyzed, the titles of books and methods of teaching unknown today were fully studied. Mashkhur Zhusip studied with Hazret Najmiddin at the age of five (1863) in Bayanaul, and at the age of eight (1866) with Hazret Kamariddin. At the age of fifteen (1872-1874), he went to Turkestan and Bukhara under the guidance of Isabek Ishan (1804-1883), at the age of twenty-nine (1887) he went to Bukhara again and studied with Hamza Khoja and Mudarris (teacher) Nogai Sirazhiddin at the Payi Astana mosque-madrasah. At the age of thirty-seven (1895), he received a spiritual education from Akramkhan tоре, the grandson of the famous scientist Abulkasymkhan, who built a madrasah in Tashkent. He graduated from the Haftiyak madrasah and studied the Koran. Haftiyak means «one of the seven». The Book of Shahr (چهار کتاب) Persian. – this is a collection of four books that were taught at the madrasah. Two of them are written in verse, the other two in the form of prose. Allayar's Sufi books, he wrote in Arabic, Persian, Turkic (Chagatai) languages. The study of the history of educational centers, the life and creative path of its teachers and the features of the educational literature used in teaching by Mashkhur Zhusip Kopeiuly will reveal the history of the concept of «education» of Kazakh society in the Enlightenment era in the late nineteenth and early twentieth centuries.

**Acknowledgments:** The article was carried out within the framework of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic "The countries of the East: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions" (individual registration number: BR20281006).

**Keywords:** Mashkhur Zhusip, education, manuscript, haftiyek, book of Shahr, schools, textbooks

### 1. Кіріспе

Қазақ даласының көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіптің (1858-1931) шығармашылығы тақырып жағынан сан-алуан. Шығармалары тарих, әдебиет, этнографиялық

тақырыптарды кеңінен қамтиды. Әсіресе, шығармалары арасында діни-сопылық тақырыбы айрықша орынға ие. Бірақ Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы діни-сопылық тақырыбы бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелмеген. Мәшһүр Жүсіп кезінде Бұхара, Ташкент қалаларындағы атақты медреселерде жетік діни білім алумен қатар, Орта Азия аймағында кеңінен тамыр жайған сопылықтың Нақшбандия тариқатын ұстанған. Нақшбандия сопылық мектебі – бұқаралық сопы-әулие Баһауддин Нақшбанд (1318-1389) атымен байланысты. Бұл тариқат жолының ұстаздар тізбегі (силсиласы) Пайғамбар досы төрт шадиярдың алғашқысы Әбу Бәкірге (р.а.) (қ. ж. 634) дейін ұласады.

Бұл туралы еңбектерінде көптеген естелік, мәліметтер кездеседі. Бір сөзбен айтқанда, Мәшһүр Жүсіп тарихшы, ақын, этнограф әрі діни білімі жетік, ғасырлар бойы ата-бабамыз ұстанған Ханафи-Матуриди мәзһабы мен хал ілімі – сопылық бағытын бекем ұстанған ғалым.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағының тұңғышы болып дүниеге келді. Ол кезде әкесі Көпжасар 42 жаста, шешесі Ұлбала 18 жаста болған.

*Жасымда қойылған ат – Адам Жүсіп,*

*Жұрт кеткен сүйгенінен «Мәшһүр» десін* (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 128) – деген өлеңінде атап өткеніндей, азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында Мұса Шорманұлы (1818-1884) тақиясына үкі таққызып: «*Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен*» – деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

Мәшһүр Жүсіп бір кіндіктен үш ағайынды. Бірақ бауыры Хасан мен қарындасы Әмина жас кезінде қайтыс болған. Басқа бір деректetterде екі ағасы, бір інісі болған деп те айтылады. Мәшһүр Жүсіп өзінің жазбасында: «*...біз туған жыл қой жылы болған. Анамыз марқұмның жылы қоян еді... ең тұңғышы, көрген қызығы болыппыз*» – дейді (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 350).

Он сегізінен қырық жасына дейін ноғайларға жалданған Мәшһүрдің әкесі Көпейдің 1861 жылы (Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда) малы жұтқа ұшырап, қыстан ақ сирақ болып шығады. Сонда Көпей Шермұхаммедұлы: «*Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас*» – деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға береді.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдары**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Зерттеу әдістері – араб, парсы, түркі-шағатай тілдеріндегі еңбектер арқылы білім алып, дін ілімін меңгерген тарихи тұлғаны зерттеуде қолданылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы, салғастырмалы зерттеу әдістері арқылы жүзеге асырылды. Шығыс білімі мен ілімі бойынша жазылған шетелдік, кеңестік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерін иіні мен ретіне қарай кеңінен пайдаландық. Табылған материалдарды талқылап, талдап, саралап, жүйелеп, алынған нәтижелер бойынша ұсыныстар жасадық. Қадимия ілімі негізінде жазылған еңбектердің мәтіндерін оқу, аудару, зерттеу, салыстыру әдістері де үнемі жұмысымыздың нәтижелі болуына үлкен себін тигізді.

## 2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу жұмысында пайдаланылған негізгі материалдар – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы заманындағы білім алу жолындағы мектептер, медреселер, ондағы сабақ берген ұстаздар мен оқытылған кітаптар. «Әптиек», «Шар» кітап, Сопы Аллаяр, «Қасида бурда» кітаптары және т.б. оқулықтардың мағынасын ашып, Мәшһүр Жүсіптің ұстаздары Қамаридден хазірет, Исабек ишан және Түркістан, Бұхара, Самарқанд, Ташкентте білім берген ұстаздары мен оқыған мектептеріне жан-жақты тереңірек талдау жасау арқылы материалдар аясы кеңейе түседі.

## 3. Талқылау

Мәшһүр Жүсіп бес жасында (1863) Баянауылда Байжан хазірет салдырған медреседе Нәжмиддин хазіреттен, сегіз жасында (1866) Қамариддин хазіреттен сабақ алады. Он бес жасында екі жылдай (1872-1874) ұстазы Исабек ишанның (1804-1883) жол сілтеуімен Түркістан мен Бұхараға аттанып, білім алуын жалғастырады. Бұхара медресесінде тәлім алған соң, шәкірт оқытып ұстаздық етеді. Мәшһүр Жүсіп жиырма тоғыз жасында (1887) тағы Бұхараға барып Хамза қожа мен *Мударрис* (ұстаз) Сиражиддин ноғайдан «Пайи астана» мешіт-медресесінде сабақ алады. Отыз жеті жасында (1895) Ташкентте медресе салдырған атақты ғалым Әбілқасымханның немересі Әкрамхан төреден рухани тәлім алады.

Мәшһүр Жүсіптің білім үйренуге деген қызығушылығы мен зеректігі арқасында сауаты ерте ашылды. Сол кездегі отбасының материалдық жағдайының жұпыны болғандығы оның білім алуына кедергі келтірмеді.

Жас та болып көргем жоқ құнды, пұлды,

Бала біткен бәрі де менен оңды.

(...)

Жазығым сол: зерекпін, неген емен,

Несие сөз жасымнан деген емен (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 184).

Бала Жүсіп бес жасында сауатын ашып, зеректігімен ұстаздарының алғыс-батасын алады. Сол жаста-ақ сопылық білімнен хабардар болады. Өзі бұл туралы өлеңдерінде былай дейді:

Бес жаста нәсіп болып бізге дүкен,

Биқисап көрдік тағы қанша тікен?!

Нәжмиддин хазірет сүйіп шын көңілмен:

«Бұхарлығым!» – деп лепес қылған екен (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 181).

\*\*\*

Бес жаста «бісміллә» айтып жаздым хатты,

Бұл дүние жастай маған тиді қатты (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 192).

\*\*\*

Бес жаста ауызға алдым «Бисмилланы!»

«Әптиек» Құран оқып, білдім мәні!

Яссауи Қожа Ахмет хикметінен  
Көңіліме төгілді нұр хош кәләмі (Мәшһүр Жүсіп, 2013:163).

Мәшһүр Жүсіптің тәлім алған ортасы, оқыған медреселері, сабақ алған ұстаздары, оқу бағдарламалары негізінде оқыған кітаптарын жан-жақты зерттеу мәшһүртануда аса маңызды. Өйткені, Мәшһүр Жүсіп дүниетанымының қалыптасып, ойшылданышпан, ақын-ғалым тұлға болуында оның рухани сусындаған қайнар көздері мен білім алған орындарының ықпалы зор. Сондықтан Мәшһүр әлемін ашу үшін осы мәселелер жан-жақты зерттелуді қажет етеді. Ол өз жазбаларында сабақ алған ұстаздары, оқыған медреселері мен оқулық әдебиеттер туралы мәліметтер берген. Мәшһүр Жүсіп он жылдай уақыт медресе тәлімін алған діни білімі жетік ғалым. Ол кезде жалпы Орта Азия аумағында медреселерде оқу бағдарламасы ғасырлар бойы қалыптасқан бір ізді жүйемен жүргізілді (Остроумов, 1907: 1–58).

Осыған байланысты оқыған кітаптары, медреселері, ұстаздары туралы қысқаша мәлімет беруді жөн көрдік. /*Оқудың әуел басы әліп биді*/ – деп өзі айтқандай, медресе-мектептерде оқушыларға алдымен әліппе оқытылатын. Әріп таныған соң:

*Онан соң Haftiek бар еже суре,*

*Оларды үйренерсің жүре-жүре* (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 25) – деп, «Әптиек» кітабын оқитын. «Әптиек» / *Хафтияк* (هفتیک) парс. – «жетіден бір» деген мағынаны білдіреді. «Әптиек» Құранның жетіден бір бөлігін қамтиды. Онда «Фатиха» сүресі, «Бақара» сүресінің алғашқы бес аяты, «Аят ул-курси», «Ясин» сүресі және тағы бірнеше сүрелер бар. Медреселерде «Әптиекті» бітіріп барып, Құранға түсетін болған. Бұл кітап өткен ғасырларда мектеп-медреселерде оқытылатын сауат ашу кітабының атауы. Сол кезде сауаты бар, санды есептей алатын адамды «Әптиек» оқыған деп дәріптеген.

Одан соң «Шар» кітап оқытылған. Мәшһүр Жүсіптің медреседе оқыған кітаптарының басында осы «Шар» кітап кездеседі. Бес жасында оқуды үйрене бастаған Мәшһүр алты жасында парсы тілін «тәуір» үйреніп, «Шар» кітапты оқып жатпағанын айтады:

«Шар» кітап – алты жаста ұстағаным,

Сол күнде өлең жаттап қостағаным.

(...)

Үйреніп бала жастан білдім тілді,

Сабадым «Шар» кітапты мен жатқа енді (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 83).

«Жетпіс бап» жинағында бұл туралы:

Келгенде алты жасқа алдым сабақ,

«Шар» кітап оқығаным, панаһім\* – Хақ.

Парсыға сол мезгілде болдым тәуір,

Болсам да мен бишара, зейінім шақ (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 3).

\* Пана [ *پانا* ] *parc.* – тірек, қамқор, сүйеніш.

Медреселерде шәкірттерге парсы тілі мен әдебиетін үйрету үшін әдетте «Шар» кітап оқытылған. Онда иман, намаз, бата, ғибадат түрлері, насихаттарға қатысты тақырыптар хадистер және Құран аяттарымен түсіндіріледі (Исмаилова, 2022: 1210). «Шар» кітап кезінде медреселерде оқытылатын парсы тілінде жазылған төрт кітаптың топтамасы. Кітапханаларда көптеген нұсқалары сақталған. Олардың екеуі өлең түрінде жазылған болса, екеуі қара сөз түрінде жазылған. Ол төрт кітап мыналар:

1. «Муқаддимат ус-салат» (Намазға кіріспе). Шарафуддин Бұхари (XIV ғ.) тарапынан өлең түрінде жазылған бұл кітап кіріспеден және 10 тараудан тұрады. Кіріспеден автор өзінің аты-жөні, туған жері туралы мәлімет береді. Он тарауда дәрет, ғұсыл, тәйәммүм, намаз және ораза ғибадаттарын баяндайды. Шарафуддин Бұхари XIII ғ. соңында Бұхара қаласында дүниеге келген. *Фақиһ* (фиқһ\* ғалымы), *мударрис* (ұстаз) әрі сопылық жолын ұстанған ақын болған. Ханафи мәзһабының негізін қалаушы Әбу Ханифа фиқһты: «Адамға пайда және зиян келтіретін нәрселерді (яғни құқықтары мен міндеттерін) білу» – деп түсіндірген. Медреседен өзі сабақ бергендіктен, шәкірттерге қолайлы болу үшін оқулық ретінде «Шар» кітапты жинақтаған. «Шар» кітаптың алғашқысын өзі жазған. Кітап «Алланың атымен» деп басталғандықтан бұл кітап «Нами Хақ» (Алланың аты) деп те аталады.

2. «Бидан» (Үйрен). Маулана Жалалиддин әл-Халиди әл-Кешидің парсы тілінде қара сөзбен сұрақ-жауап түрінде жазған кітабы. Төрт бөлімнен тұрады. Онда иман, Исламның бес шарты және басқа да діни үкімдер баяндалған. Жалалиддин Кеши Әмір Темір (1336-1405) кезінде өмір сүрген. Әмір Темір оны айрықша құрметтеген. Ол сол кездегі Хаджаган-Нақшбандия тариқатының пірі Сейид Әмір Кулалдың (1284-1370) муриді болған.

3. «Муһиммат ул-муслимин» (Мұсылмандардың маңызды міндеттері). Авторы белгісіз. Бұл кітап та қара сөзбен сұрақ-жауап түрінде жазылған. Құлшылық-ғибадаттар мен діни үкімдер баяндалған.

4. «Панднама» (Насихат). Атақты сопы-ақын Фаридиддин Мұхаммед ибн Ибраһим Аттарға (1145-1221) тиесілі екендігі айтылады. Шығарма өлең (мәснауи) түрінде жазылған.

Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында аты аталып өтетін оқулықтардың тағы бірі – Сопы Аллаярдың (1644-1724) «Сәбат ул-ажизин» (Өлсіздердің табандылығы) атты кітабы. Медреселерде оқушыларға парсы тілі мен әдебиетін үйрету мақсатында «Шар» кітап оқытылған соң, түркі-шағатай тілі мен әдебиетіне қызықтыру үшін Сопы Аллаярдың «Сәбат ул-ажизин» кітабы оқытылатын. Бұл екі кітаппен шәкірттер парсы, түркі-шағатай тілдерін меңгеріп әрі негізгі діни мағлұматтарды үйреніп шығатын.

«Жылым – қой» деп басталатын өмірбаяндық өлеңінде өзінің оқуға үйір екенін және әкесінің түркі тілінде жазылған үш кітабы болғанын айтады. Сонымен қоса, сол кездегі кей кітаптардың құнын да айтып, оларды алуға шамасы жетпегеніне: */Шарық қайда, шіркін дүние, шама қайда?/* – деп өкінеді. Міне, осы жерде Сопы Аллаярдың «Сәбат ул-ажизин» атты кітабын да тілге тиек етеді:

\* Фикһ [ *وقف* ] араб. – терең түсінік, жан-жақты ұғыну деген сөз. Мұсылманша тәртіп-қағида (юриспруденция), Исламдағы әлеуметтік құқық жөніндегі ілім.

Ол күнде «Сопы Аллаяр» шархы бізге  
Көрінді қолға түспес дүр тасындай.

\*\*\*

Баспасы Қазымбектің «Сопы Аллаяр»,  
Баспа-бас бойдақ қойға алар соны (Мәшһүр Жүсіп, 2023: 12–13).

Сопы Аллаяр Самарқандта 1644 жылы зиялы отбасында дүниеге келген. Әкесі Аллақұлы Теміряр, анасы Рисалатбану да оқымысты текті отбасынан шыққан. Сопы Аллаяр үш ағайынды болғаны айтылады.

Сопы Аллаяр жас кезінен сауат ашып, медреседе он үш жыл білім алады. Өзінің қабілеттігі мен зеректігінің арқасында Бұхара ханының назарына түседі. Жиырма бес жасында хандықтың салық басқармасында лауазымды қызметке тағайындалады. Кейіннен бұл қызметтен бас тартып, тақуалыққа бет бұрады. Ақыры, Нақшбандия тариқатының Мужаддия тармағының негізін қалаушы Ахмед Сирхиндидің (1564-1624) ұлы Мұхаммед Мағсұмның (1599-1668). Бұхарадағы халифасы Хабибулла ишанға қол береді. Хабибулла ишан Ысқақ Баптың ұрпағы.

Сопы Аллаяр шығармаларын үш тілде: араб, парсы және түркі (шағатай) тілінде жазған. «Махзан ул-мути'ин» (Мойынсұнушылардың қазынасы) еңбегін араб тілінде, «Маслак ул-муттақин» (Тақуа жандардың бағыт-бағдары), «Мурад ул-арифин» (Әріптердің мұраты) еңбектерін парсы тілінде, «Сәбат ул-ажизин» (Әлсіздердің табандылығы) кітабын түркі (шағатай) тілінде жазған (Софы Аллаяр, 2013: 11).

Түркі-шағатай тілінде жазылған «Сәбат ул-ажизин» кітабы Ислам ақидасына қатысты мәселелер Құран мен пайғамбар сүннетіне сай, *әһли сүннә уәл-жамағат* ақида мектебінің өкілдерінің ұстанымы негізінде баяндалған.

Мәшһүр тоғыз жасында «Мұхтасар» мен «Шарх Абдулла» кітаптарын қызыға оқығанын айтады:

Толғандым тоғызымда томағадай,  
Ұмтылдым, көрсем оқу сарышадай.  
«Мұхтасар», «шарх Ғабдолла» қабат оқып,  
Талпындым бала құстай өрге қарай (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 48).

Бұл өленде аты аталған «Мұхтасар» – Ханафи мәзһабында «мутун арба'а» («Төрт мәтін») деп аталатын негізгі фикһ кітабының бірі «Уикая» кітабына жазылған түсініктеменің (шарх) қысқартылған түрі (Муминов, 2018: 164). «Мұхтасар» кітабының авторы Бұхарадағы атақты Ханафи ғалымдары отбасы өкілі Убайдулла ибн Мас'уд әл-Махбуби (қ. ж. 1346). «Уикая» кітабы атақты Ханафи фикһ ғалымы Бурһаниддин Марғинанидің (1118-1197) «Хидая» атты еңбегіне жазылған түсініктеме (шарх) кітабы. Бұл кітаптың авторы Ахмет ибн Мас'уд әл-Махбуби.

Бұхарада ғалымдығы және ұстаздық қызметімен танымал болған Убайдулла ибн Мас'уд атасының «Уикая» еңбегіне түсініктеме (шарх) жазып, оны «Шарх ул-уикая» деп атайды. Бұл еңбек медреселерде Ханафи фикһы ретінде оқытылған. Оның ықшамдалған түрі «Мұхтасар ул-уикая» (ән-Нукая) да негізгі оқулық ретінде

пайдаланылған. Оның көптеген көшірмелері кітапханаларда сақталған (Муминов, 2015: 223–224 ).

Жоғарыдағы өлеңде аты аталған «шарх Ғабдолла» кітабы XIV-XV ғасырда өмір сүрген Шамсуддин ибн Әбу-л-Қасим Му‘иззидің «Тасриф ул-аф‘ал» (Етістіктердің түрленуі) атты араб тілі морфологиясына қатысты жазған еңбегіне Абдуллаһ ибн Ақ Мұхаммед атты кісінің парсы тілінде жазған түсініктемесі.

Му‘иззидің еңбегімен оған жазылған түсініктеме «шарх Абдуллаһ» кітаптары кезінде медреселерде араб тілі грамматикасы (морфология) бойынша оқытылған негізгі дәріс кітабы болды. Сондықтан «шарх Абдуллаһ» кітабының көптеген қолжазба және литографиялық баспа нұсқалары бүгінде кітапхана қорларында сақталған (Сафиуллина, 2003: 147–148).

Мәшһүр Жүсіптің оқыған діни-сопылық бағыттағы әдебиеттерінің бірі – қасида. Кейбір деректер бойынша Мәшһүр Жүсіп ұстазы Исабек ишаннан «қасида» ілімін үйренген (Шағырбаев, 2018: 72). Бірде Бұхарада «Мир Араб» медресесінде он жеті оқушыдан алты-жетеуі ғана *қасида* бітіріп шыққандығы айтылады. Солардың бірі Мәшһүр Жүсіп болған екен.

Қасида – композициялық құрылысы жағынан көне, ескіден келе жатқан араб поэзиясының жанрлық түрі. Кейіннен түркі тілдес халықтар мен парсы классикалық поэзиясында кең қолданылатын мадақтау өлең түріне айналды. Қасида бұрындары атақты адамдарға арналып жазылған. Мазмұнына қарай бірнеше түрлерге жіктеледі. Мысалы, «мадхия» түрі – Алла, Мұхаммед пайғамбар, әулие-әнбиелерді мадақтауға арналған болса, «марсийа» – атақты кісілердің өмірден өткеніне бағыштап жазылады.

Бұл жерде аты аталып отырған қасида арабша «Қасида бурда» атымен танымал мадақтау өлеңі. Шығарманың авторы мысырлық атақты ғалым Шарафуддин Әбу ‘Абдуллаһ Мұхаммед ибн Саид ибн Хаммад әс-Санхажи әл-Бусири (1212-1294). «Қасида бурда» Мұхаммед пайғамбардың құрметіне жазылған поэтикалық шығарма. Қасиданың негізгі толық атауы: «әл-Кәуәкиб әд-дуррия фи мадхи хайр әл-бәрия». 162 бәйіттен тұрады.

Аңыз бойынша, әл-Бусири бұл қасидасын бойына дерт жабысып, төсекке таңылып қалғанда шығарған. Денесі жартылай сал болып қалған ақын қасидасын жазып, әуезге салып оқып, дұға етіп, Пайғамбарға бағыштайды. Түсінде Мұхаммед пайғамбарды көріп, пайғамбар оған шапанын (әл-бурда) жауып, ризашылығын білдіреді. Сөйтіп әл-Бусири ауруынан шипа табады. Осылайша бұл қасида «Қасида бурда» («Шапан қасидасы») деп аталды.

Бұл қасида уақыт өте Ислам әлемінде, әсіресе, сопылық әдебиетте маңызды орынға ие болды. Оған көптеген түсініктеме (шарх) жазылып, оқу тәртібі мен әдептері қалыптасты. Жазылған шархтарда қай бәйіттер не үшін оқылатыны да көрсетілген.

Осы «Қасида бурда» кітабын Мәшһүр Жүсіп Исабек ишаннан оқиды. Исабек ишанның зиратына қойылған мәрмәр тастың оң жақ бетіне «Қасида бурда» өлеңінің 151-бәйіті жазылғандығы көп нәрсені аңғартады (Медерова, Нурманова, Дүйсенов, Құрманбаева, 2020: 371).

Жалпы, қасиданың түрі көп. Мәшһүр Жүсіптің оқығаны дәл осы «Қасида бурда» екеніне тағы бір дәлеліміз, «Ғылым Ордасы» РМК ОҒК Сирек кітаптар және



қолжазба қорында Мәшһүр Жүсіптің қолжазбалары арасындағы «діни шығармалар» бумасында (130-149 беттер) «Қасида бурда» толығымен әрі әр бәйіттің мағынасын бере жазылған мәтіні сақталған.

#### 4. Зерттеу нәтижесі.

Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарасы қазақ халқының арғы ата-бабасынан бері ұстанып келе жатқан Ислам аясында қалыптасқаны даусыз. Әрине, бұл тұста қазақ даласында Ханафи мәзһабы негізінде қалыптасқан сопылық бағыттың да үлкен орын алғанын ескеру керек. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы да осы дәстүрлі негізде қалыптасты (Шағырбаев, 2018: 30–31).

Мәшһүр Жүсіптің хал ілімі деп аталатын сопылық білімге тығыз байланысы бар. Ол сопылықты тек қана теория немесе әдеби жанр ретінде қарамай, өзі де сопылықты ұстанып, оны өмірде ұштастыра білді.

Сопылық білімге деген қызығушылығы жас кезінен Қожа Ахмет Яссауи (қ. ж. 1166) бабамыздың «Диуан Хикметінің» хош кәләмі көңіліне нұр болып төгілген сәттен бастаған десек қателеспейміз. Бір жағынан дәріс алған ұстаздарының барлығы дерлік сопылық бағытын ұстанған ғалымдар болды. Мәшһүр Жүсіптің сопылық жолын ұстануға негізі әкесінің де ықпалы болғанын ескеруіміз керек. Әкесі діндар әрі сопылықты ұстанған қарапайым кісі болды. Өлеңдерінде әкесі туралы:

Атамыз дін жолында белін буды,  
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 364).

\*\*\*

Әкем Көпей – жетпіс үш жасында өткен,  
Дін жолына жас күнде бізді үйреткен.  
Өзі жастай тариқат жолын іздеп,  
Әбілқасым ишанға қызмет еткен (Мәшһүр Жүсіп, 2023: 109)

– деп әкесі өзінің ұстазы Әкрамханның атасы Әбілқасымхан ишанға қол бергенін айтады.

Мәшһүрдің сопылықты ұстануында, әрине, тәлім алған ұстаздарының орны ерекше. Бұлар: Нажмиддин хазірет, Қамариддин хазірет, Исабек ишан, Хамза хазірет, ноғай Сиражиддин *мударрис*, Миян Мәлік. Бұл ұстаздары арасында Мәшһүрдің рухани кемелденуінде Исабек ишанның орны ерекше болса керек. Өйткені Исабек ишан дүние салғанда оған арнап жоқтау жазғаны белгілі. Исабек ишанды:

Өзі – ишан жұрт бастаған, заты – қожа,

Сейітзада нәсілі сондай таза – деп ұлықтайды. Исабек ишан сопылықта белгілі мәртебеге қол жеткізген *nir* екенін де тілге тиек етеді:

Пір болып кереметі шыққан жастан,  
Данышпан, ақылды еді жұрттан асқан.

Исабек ишан қайтыс болғанда қатты қайғырғаны мына шумақтарынан байқалады:

Табылмас сіздей ғазиз іздеп емге,  
Пірсіз қалдық, сүйендік енді кімге?!

Исабек ишан хал ілімі иесі болуымен қоса шариғатты бекем ұстанған ғалым еді.

Шариғат, мағрипатын тамам еткен,  
Тариқат, хақиқатны жары еткен.

\*\*\*

Ғылым хал, ғылым қалыны\* білген тамам,  
Айырған хақ пен батыл, халал, харам.  
Ғылымлар қойылған көңіліне,  
Жігіттер, бар ма енді ондай адам?!

Мәшһүр Жүсіптің Исабек ишанның дүниеден өткеніне қайғырып мынадай терең мағыналы жоқтау арнауы бекер емес. Исабек ишан тек Мәшһүрдің ғана емес, сол кезде жалпы елдің рухани нәр алған *пiрi*, ауызбіршіліктің ұйытқысы, тәлімгер ұстазы еді. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп:

*Адасып азған елдің пірі болмас,  
Пiрiсiз қылған амалдың түрі болмас* (Мәшһүр Жүсіп, 2023: 229–238)

– деп ақиқатты жырлаған болатын.

Исабек ишанның сопылықты ұстанған ұстаздары жайлы жоқтаудың тағы бір нұсқасында мынадай шумақтар бар:

*Сұрасаң силсиласы Раббани,  
Алардур Мужаддид әлфи сәнимен.*

Бұдан Исабек ишанның сопылықтағы ұстаздар тізбегі (силсиласы) Үндістанда XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр басында өмір сүрген Нақшбандия тариқатының көрнекті өкілі «Мужаддиция» тармағының негізін қалаушы «Имам Раббани», «Мужаддид әлфи сәни» (екінші мыңжылдық жаңартушысы) лақаб атымен танымал болған Ахмед Сирхиндиге дейін ұласатынын көрсетеді. Жоғарыдағы өлең расында Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында болып, оған тиесілі болса, онда Исабек ишанның сопылықтағы ұстаздар тізбегі Бұхарадағы Нақшбандия тариқатының *Хусайния* (Бабаджанов, 2026: 431–432) тармағымен байланысты болуы мүмкін. Бұл да алдағы уақытта зерттеуді қажет ететін тақырып.

Мәшһүр Жүсіптің нағыз сопылыққа бет бұруы отыз жасынан асқанда Бұхара, Ташкент қалаларын аралап ілім іздеп, рухани жақтан сусындаған кездері болса керек. Ол былай дейді: *«Жиырма тоғыз жасымда Бұхара шәриф барып, медресе Шұқырда истиқамат қылып (тұрып) мырза Ұлықбек медресесінде дамолла Хамза қожадан дәріс үйреніп, «Пайи астана» медресесінде ноғай Сиражиддин мүфтиден тәлім алып... Миракенде Сахыпзада немересі Миян Мәлік құзырында сулук (сопылық) жолына дахыл болып (кіріп)... дұғай баталарын алып, тоғыз ай Бұхарада тұрып қалдым.*

*Отыз алты жасымда Ташкент шаһарына барып... хазірет Әбілқасым ишан медресесінде тұрып, немересі Әқрамхан төреден тағылым алып, сулук жолында*

\* Қал ғылымы – жүзбе-жүз сабақ алып, көзбен көріп, тілмен оқытылатын білім.

Хал ғылымы – кәміл пірден, әулиеден рухани тәлім алып, көңілден көңілге құйылатын діл білімі.

*һәм хафи зікірден күннен зәрре, теңізден қатра тәрбиелерінде болып, отыз тоғыз жаста тауық жылы Арқаға қайтып келдім» (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 354).*

Мәшһүр Жүсіптен алынған бұл дереккөз оның өмірбаянына, діни-сопылық дүниетанымына қатысты маңызды мәліметтер мен нұсқаулар береді. Бұл жерде келтірілген мәліметтерді тарихи перспективадан анализ жасау маңызды. Мәшһүр он бес жасында Исабек ишанның бағыттауымен Түркістанда, әрі қарай Бұхарада екі жылдай (1872-1874) медреседе сабақ алады (Шағырбаев, 2018: 72). Сонымен қоса, жазбаларында жиырма тоғыз жасында Бұхараға барғанын айтады. Бұл сапарының мақсатын анық жазбаса да, мына өлеңінен Бұхараға не үшін барғанын аңғаруға болады:

*Жиырма тоғыз жаста Бұхар бардым,*

*Басымнан арылмастай сыбаға алдым – дейді. Яғни, рухани кемелденіп, ұстаздарынан «сыбаға» алуға барды деп топшылауға болады.*

Бұхара қаласының жалпы Орта Азия тарихында діни-рухани саладағы орны ерекше екені мәлім. Осы кезеңдері ислам діні қазақ арасында «халықтық дін» дәрежесені көтерілген кезеңдер еді. Бірақта бұл жерде «халықтық исламды» дұрысырақ түсіну керек – синкретикалық діни жүйе емес, сопылықпен тығыз араласқан сунниттік-ханафилік исламның жергілікті модификациясы» (Нуртазина, Исахан, 2022: 913). ретінде қараған дұрыс. Ғасырлар бойы Бұхарада бой көтерген медреселерде мыңдаған шәкірт тәлім алды. Олар алған тәлім-тәрбиесімен өз елінің діни-мәдени, рухани-әдеби алаңының бір жүйеде қалыптасуында маңызды рөл атқарды. «Бұхара құббаты Ислам әст» (Бұхара – Ислам құббасы) деген сөз содан қалған.

Енді Мәшһүр Жүсіптің Бұхарада тәлім алған медреселері мен ұстаздары туралы қысқаша тоқталсақ. Мәшһүр Жүсіп Бұхарада тұрақтаған орындардың бірі «Шұқыр» (*Чукур*) медресесі. Шұқыр немесе «Катта қожа» атымен аталатын бұл медресе Бұхара қаласының тарихи аймағында, Маулана Шариф (1617-1690) мешіт-ханақаһ\* маңында орналасқан. Қабырғалары жерге терең енгені үшін «Шұқыр» медресесі деп аталған. Оған бірнеше саты төмен түсіп кірілетін. Медресе бір қабатты, күйдірілген кірпіштен салынған. Шәкірттерге арналған 23 бөлме (хужра) бар. Медресенің «Катта қожа» деп аталуы – оны салушы Асамиддин Қожа (қ. ж. 1795-96) есімімен байланысты. Ол «Катта қожа» (Үлкен қожа) лақаб атымен танымал болған. Катта қожа Бұхараның бас қазысы болған. Ол Яссауиямен қоса Нақшбандия-Мужаддия тариқатын ұстанған. Медреседе сабақ берген, яғни, мударрис те болған (Жуманазар, 2017: 299–302).

Мәшһүр Жүсіп оқыған медреселерінің бірі Ұлықбек медресесі. Бұхарадағы Ұлықбек медресесі Әмір Темірдің немересі Мырза Ұлықбектің (1394-1449) салдырған үш медресесінің алғашқысы. Ұлықбек билігі кезінде (1409-1449) өз атынан үш медресе салдырғаны тарихтан мәлім.

Мәшһүр Жүсіптің Бұхарада сабақ алған медреселерінің тағы бірі – «Пайи астана» медресесі. Медресе атауы парысша «Пай» – аяқ, «астан» – табалдырық, босаға дегенді білдіреді. Бұл медресеге бұл атаудың берілуінің өзіндік себебі бар. «Пайи астана» мешіт-медресесі орналасқан аудан Бұхара қаласының орталығы болып, базар, сауда орындары осы маңайда болған. Сондықтан бұл ауданда көбінесе саудагерлер

\* Ханақаһ [خانگاه] парс. – сопы-дәруіштер тұрақтайтын мекен. Зікір-минажат жасап ғибадат ететін орын.

тұратын. Маңайында медреселер көп болғандықтан мударристер мен шәкірттер де қоныстанатын. Аңыз бойынша, әйгілі әулие Баһауддин Нақшбандтың (1318-1389) сол маңайда тұрақтайтын бөлмесі (хужра) болған. Өткен ғасырдың 30 жылдарына дейін бұл бөлме (хужра) орны сақталып, зиярат орны болған. XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың басында сол орынға мешіт-медресе салынған. Бұл мешіт-медресеге Баһауддин Нақшбанд құрметіне «аяғы тиген, табалдырығын аттаған» деген мағынада «Пайи астана» деп аталған. Мешіт қасында жеті бөлмеден (хужра) тұратын шағын медресе болған.

Мәшһүр Жүсіп Шұқыр медресесінде қалып, Ұлықбек медресесі мен «Пайи астана» медреселерінде сабақ алған. Шұқыр медресесі болса, аты аталған екі медресе ортасында орналасқан.

Мәшһүр Жүсіп Бұхарада «Пайи астана» медресесінде ноғай Сиражиддин мүфтиден тәлім алғанын айтады. Бұл жерде аты аталған ұстазы ноғай Сиражиддин *муфти* немесе *мударрис* лақап аттарымен танымал болған Маулана Сиражиддин ноғайдың өмірі туралы нақты мәлімет аз. Тек сопылық бағытындағы ұстаздар тізбегі (силсиласы) бар. Бұл силсила бойынша, ноғай Сиражиддин *мударрис* Бұхарадағы Нақшбандия тариқатының Мужаддия-Хусайния тармағының өкілі. Мужаддия тармағы Бұхарада Халифа Мұхаммед Хусайннан (қ. ж. 1833-34) жалғасқаны үшін бұл силсила *Хусайния* деп аталды. Осылайша Мәшһүр Жүсіп Бұхара «Пайи астана» медресесінде Нақшбандия-Мужаддия тариқатының Хусайния тармағы өкілі *мударрис* Сиражиддин ноғайдан сабақ алады.

Мәшһүр Жүсіп Нақшбандия-Мужаддия сопылық жолына кіруін, яғни пірге қол беруін: «*Сахибзада немересі Миян Мәлік құзырында сулук (сопылық) жолына дахъл болып (кіріп)*» – деп баяндайды. Бұл жерде аты аталған Миян Мәлік туралы мәлімет өте аз. Мәшһүр Жүсіп бұл ұстазын «Бұхара сапары» өлеңінде де еске алады:

*Хан алдына екі гід (айт), жұмада имам,*

*Мерекенде хазіреті Миан Мәлік* (Мәшһүр Жүсіп, 2023: 109).

Бұл өлеңде айтылғандай Миян Мәлік ханның жұма мен айт намаздарын оқытатын имамы болған. Яғни, Миян Мәлік Бұхара әмірлігінде Әмір Музаффар (1835-1860) кезінде өмір сүрген атақты ғалым. Ол Бұхара әмірі жұма, айт намазын оқитын мешітте имам-хатиб қызметін де атқарған. Сол кездерде өз атынан медресе салдырған. «Миян Мәлік» медресесі аты сол кезде жазылған тарих кітаптарында да кездеседі (Жуманазар, 2017: 337). Миян Мәлік Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (САДУМ) құрылтайшысы және алғашқы муфти Ишан Бабахан ибн Абдулмажидханға (1858-1957) Бұхарада сабақ берген ұстазы ретінде айтылады. Сонымен қоса, бұл кісінің есімінің алдындағы «Миян», «Сахибзада» лақаптарынан бұл кісі туралы кейбір мәліметтерді нақтылауға болады. Алдымен «Миян» лақабы жайлы айтар болсақ, ол парсыша «ортасы, орталық, ішкі жағы» деген мағынаны береді.

Құрбанғали Халид (1846–1913) атақты «Тауарих хамса шарқи» атты еңбегінде «Миян» сөзінің толық түсініктемесін береді. Бірақ өкінішке орай, қазақша аударылған нұсқасында (Халид Құрбанғали, 1992) бұл түсініктеме толық берілмеген. Қазанда 1910 жылы Өрнек баспасынан шыққан нұсқада мынадай деректер кездеседі: «*Ұстаздардан*

естігеніміз, «Шәриф» – Хасани, «Сәйид» – Хүсейіни, «Қожа» – Ханафи, «Төре» – Омару. Яғни, Фатимадан туған Хасанның үрім-бұтағын «Шәриф», Хүсейіннің ұрпағын «Сәйид» деп атаған. Ал, Фатимадан басқасынан туғандарға «Қожа» деп айтылады. Хазірет Имам Ханафияның ұрпақтары секілді. Егер ата тарапы сәйид, ана тарапы қожа болса, немесе керісінше болса, бұған «Миян» дейді. Хазірет Имам Раббани секілді. Парсышада «Миян» дегені – арапшада «уасат», түркіде «орта» деген. Сәйид пен қожадан дүниеге келгені үшін Имам Раббани ұрпақтарына «Миян» деп айтылған. Кімнің есіміне «Миян» аты қоса айтылса, ол Имам Раббани ұрпағы екенін көрсетеді. Басқа дәлел қажат емес» (Imam Qurbanghali, 1910: 86)

Ал, енді «Миян» атының Имам Раббани ұрпақтарына берілуінің басқа да рухани себептері бар. Имам Раббани ұрпағы, Нақшбандия-Мужаддия силсиласының пірі Мұхаммед Мазхар әл-Фаруқи (1832-1883) «Манақыб Ахмадия уә Мақамат Са'дия» атты кітабында: Имам Раббани шарифат ілімін тариқат іліміне байланыстырып, үйлестіре алғаны үшін «сыла» (байланыс) (Арапша-Қазақша сөздік, 2016: 859) деп аталған. Имам Раббани шарифат пен тариқатты теңдей ұстанып, ортасын байланыстырғаны үшін оған «Миян» деген лақап ат та берілген дейді. Парсыша сөздікте «Миян» сөзін Үндістанда құрмет ретінде қолданылатыны айтылады (Dehkhoda, 1998: 806). Қорыта айтатын болсақ, Имам Раббани (Ахмед Сирхинди) ұрпағы Мәшһүр Жүсіптің тариқат жолындағы ұстазы Миян Мәлік өз заманының атақты діни тұлғасы болған.

Ал «Сахибзада» аты арапша «Сахиб» және парсыша «зада» деген екі сөзден құралған. «Сахиб» – жолсерік, дос, жолдас, «зада» – ұлы, тегі (Dehkhoda, 1998: 228) деген сөз. Сол кездері Сахибзада, Миян лақап аттары Имам Раббани Ахмед Сирхиндидің ұрпақтарына құрмет ретінде берілген есімдер болып қолданылған. Ш. Уәлихановтың (1835-1865) еңбектерінде де бұл туралы мынадай мәлімет кездеседі: «Ортаазиялықтарға қатысты сәйиттердің ең ықпалды тегі Мияндар, басқаша Фаруқи немесе Сахиб-заде деп аталады. Бұл әулет халифа Омардан, бергі аталары Имам Раббанидан және ана жағы Мұхаммедтің қызы Фатиманың ұрпақтарынан шыққан әулет. Бұл әулеттің өкілдері өте құрметті» (Валиханов, 1985: 182).

Бұхара Әмірлігі (1756-1920) кезінде әмір Шах Мұрад пен әмір Хайдар Нақшбандия тариқатын ұстанып, сол жолдың қолдаушылары болды. Имам Раббани әулетінің кейбір өкілдері XVIII ғасырдың басында Орта Азияға қоныстана бастайды. Әмір Шах Мұрад пен әмір Хайдардың қолдауының арқасында Мужаддия тармағы Орта Азия аймағында кеңінен таралған сопылық бағытқа айналады. Шах Мұрад пен Әмір Хайдар Сирхиндидің ұрпағы Сахибзада Миян Фазл Ахмедке қол берген (фон Кюгельген, 2004: 103–104).

Қорыта айтар болсақ, Мәшһүр Жүсіп Бұхарада тоғыз ай атақты сопылық мектебі өкілдері құзырында тәлім алды.

*Келеді шығып жаңа ащы терім,*

*Шабұға бүктетіліп жетпей жерім.*

*Күндіз-түнде басыма пана болған,*

*Қожа Баһауддин кәміл пірім* (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 193) – деген өлең

шумақтары сол кезде рухани толысуда айтылған болса керек.

Мәшһүр Жүсіптің отыз алты жасында Ташкентке барып Әбілқасым медресесінде тұрып, осы медресені салдырған Әбілқасымхан ишанның (1810-1892) немересі Әкрамханнан рухани тәлім алғанын қолжазбасынан көрсеткен едік. Енді, осы медресе жайлы қысқаша тоқталсақ, Әбілқасымхан ишанның салдырған бұл медресесі кейіннен өз атымен аталып кетті. Әбілқасымхан ишан Мәшһүр Жүсіптің әкесінің пірі болған. Ол туралы Мәшһүр:

Өзі жастай тариқат жолын іздеп,  
Әбілқасым ишанға қызмет еткен – дейді.

Ташкентте дүниеге келген Әбілқасымхан ишан ибн Ишантөрехан ғалым әрі сопылық жолын ұстанған діни қайраткер еді. Әкесі Ишантөрехан тек Ташкентте ғана емес Қоқан хандығында атақ-абыройға ие тұлға болған. Жалпы арғы ата-бабаларының барлығы заманының белді ғалым-ғұлама тұлғалары еді. Сол кездегі орыс зерттеушілері Әбілқасымхан ишанның байсалды, ақылды, білімді кісі екендігін еріксіз мойындаған (Акрамов, 2009: 40). Әсіресе, Н.П. Остроумов оның аса зерек және мәдениетті кісі болғанын еске алады. 1892 жылы Ташкентте тараған оба ауруы кезінде халыққа ара түсіп, орыстармен мәмілеге келеді. Халықтың басына келген оба ауруының жойылуын рухани жақтан мойнына алып, өзін пида етуге дайын екендігін айтады. Сөйтіп, төрт күннен соң қайтыс болады, артынша оба ауруы да сап тыйылады (Остроумов, 1908: 118–121).

Әбілқасымхан ишан 1850 жылы Ташкенттің Бесағаш ауданында, әкесі Ишантөреханның 1820 жылы салдырған «Муй мубарак» (Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сақалы) ханақанының қасына медресе салдырады. Жүз, жүз елу баладай оқитын медресе 55х46 м үлкендікте еді (Акрамов, 2009: 39–40). Мәшһүр Жүсіп осы медреседе үш жыл Әбілқасымхан ишанның немересі Әкрамхан ишаннан сопылық тәлім алады. Бүгінгі күнге дейін аталарының шежіресі сақталып келе жатқан Әкрамхан ишан Әбілқасым ишанның сегіз ұлынан тұңғышы Сәйид Ғаниханның үлкен ұлы (Исламизация и сакральные родословные, 2008: 140–155). Әбілқасым ишан өзі де, ұрпақтары да Нақшбандия тариқатын ұстанғандығы туралы нақты мәліметтер бар. Мәшһүр Жүсіп «*Әкрамхан төреден тағылым алып, сулук жолында һәм хафи зікірден күннен зәрре, теңізден қатра (тамшы) тәрбиелерінде болып...*» дегені осыны меңзегені.

Мәшһүр Жүсіп ұстазы Әкрамханды жазбаларында көп рет еске алады. Тіпті, «Дәлаил ул-хайрат» (Жақсылықтың белгісі) салауаттар (Мұхаммед Пайғамбарға арнап оқылатын дұға) жинағы кітабын оқу *ижазатын* (рұқсатын) осы ұстазынан алған.

«Дәлаил ул-хайрат» – Шейх Мұхаммед ибн Сүлеймен әл-Жазули (қ. ж. 1465) тарапынан жинақталған салауаттар кітабы. Африка құрлығында кеңінен тараған *Шазилия* тариқаты өкілі әл-Жазули Мароккода дүниеге келген. Пайғамбар ұрпағы (*сейид*) болғандығы да айтылады.

Әр сопылық мектебінің өзіне тән оқылатын дұғалар жинағы болады. Бұл «уирд» немесе көпше түрде «әурад» деп аталады. Мысалы, Нақшбандия тариқатында «Әурад баһаия», Қадирия тариқатында «Әурад фатхия», Шазилия тариқатында «Дәлаил ул-хайрат» секілді дұғалар жинақтары бар. Бұл дұғалар белгілі уақыттарда әдебіне сай

бір тәртіппен ұстаздың (*пирдің*) арнайы рұқсатымен (*ижазат*) оқылады. Бірақ уақыт өте келе бұл дұға жинақтары барлығына ортақ болып, тек ұстаздардың нұсқауымен оқылатын болды. Осы дұғалар жинақтарынан ең көп оқылатыны «Дәлаил ул-хайрат» салауаттар жинағы.

Жалпы Ислам әлемінде кең таралған «Дәлаил ул-хайрат» дұға кітабы жеті бөлімнен тұрады. Кітапта аптаның әр күніне арнайы оқылатын салауаттар мен дұғалар жазылған. Орта Азия аймағында да бұл салауат кітабы көп оқылған. Кітапханалардың сирек кітаптар қорында көптеген нұсқалары сақталған.

«Ғылым Ордасы» РМК ОҒК Сирек кітаптар және қолжазба қорында №1171 бумада Мәшһүр Жүсіп ұлы Мұхаммед Шарафиддинге «Дәлаил ул-хайрат» оқу *ижазатын* (рұқсатын) берген жазба бар. Беттердің жоғарғысына кейіннен қызыл қаламмен бет сандары жазылған. Бұл қолжазба буманың соңғы беттері және 113-121 сандармен нөмірлеген. Онда былай делінген:

*«Бір мың тоғыз жүз жиырма екінші жылында, уафадар жылы (ит жылы) Мұхаммед Шарафиддинге «Дәлаил шариф» оқуға рұқсат бердім. Ұстазымыздан алған рұқсатнаманы жазып бердім. Рұқсат алғандығына осындай дәлелді қағазы болады. Болмаса бекер. (...)\**

*Жақсылық әрі байлық иесі Алла тағалаға мұқтаж, әлсіз Мәшһүр Жүсіп ибн Көбей былай деді: Маған Ұстазым арқылы «Дәлаил ул-хайрат» толық оқу ижазаты (рұқсаты) берілген. Аллаға сансыз мадақ болсын!*

*«Дәлаил ул-хайрат» оқу ижазаты (рұқсаты) маған ұстазымның ұстазының ұстазы арқылы келген. Ұстазымның ұстазы «Құтбул-хақ», «Ғалым раббани», «Фана филлах», «Бақа биллах» мәртебесіне жеткен Шейх Әбу Абдуллаһ ән-Нақибанди әс-Сейид Ахмед ибн Хожам әл-Исбижаби.*

*Ол («Дәлаилул-хайрат» оқу ижазатын) «Харамейн – Мекке, Мадина қалаларында» (Алла тағала бұл қалалардың құрметі мен мәртебесін биік қылсын), «Дәлаил» оқитын шейх Сейид Абдулкарим әл-Йәмәни әл-Меккиден алған. Ол ижазатын Харам мешітінде өз қолымен жазып берген.*

*Маған ұстазым «Ғалым раббани», Дамулла Сейид Әкрамхан (Алла тағала оған екі дүниеде амандық берсін) ибн Сейид Ғанихан ибн Әбілқасымхан ибн Хантөрехан 1313 жылы (1895) Шаш (Ташкент) қаласында сәнәт ул-ғанам (қой жылы), отыз жеті жасымда ижазат жазып берді».*

Мәшһүр Жүсіп 1922 жылы яғни, «уафадар» – ит жылы ұлы Мұхаммед Шарафиддинге «Дәлаил шариф» оқуға ижазат берген. Ит жылын «уафадар» (опалы) деп атауының сопылық әдебиетте өз орны бар. Құранда 18 сүре «Кәһф» сүресі деп аталады. Бұл сүреде бағзы заманда үңгірге жасырынған жеті дос және оларға еріп келген Қытмир атты ит туралы айтылады. Бұл жеті дос «Асхаб кәһф» (үңгір достары) деп аталған. Олар жасырыну үшін үңгірге қашып бара жатқанда, арттарынан Қытмир атты иті де ереді. Қанша қуса да ит кетпей, олардың артынан қалмай қояды. Осылайша үңгірдің аузында иелерін күзетіп, иесіне опалылығын көрсетеді. Осы оқиға Құран аяттарында баяндалғандықтан сопылық әдебиетте ит (Қытмир) «уафадар» (опалы)

\* Бұл жерде парсыша бәйіт пен арабша дұғалар бар. Тақырыпқа қатысы болмағандықтан бұл жерге қойылмады.

бейнесінде қолданылады. Қожа Ахмед Яссауи «Диуан Хикмет» кітабында да «Асхаб кәһф» пен иті Қытмир туралы айтып одан ғибрат алуға шақырады:

«Асхаб кәһф» итін көріп ғибрат алғыл,  
Ғибрат алған хас құлдар жанан болур.

\*\*\*

Қытмир иттен ғибрат алғыл, ер болсаң,  
Ақсаңдап, жолда қалма садық болсаң.

Ал, Мәшһүр Жүсіп өзі «Дәлаил» оқуға ижазатты жоғарыда аты аталған ұстазы Дамулла Сейид Әкрамхан ибн Сейид Ғанихан ибн Әбілқасымхан ибн Хантөреханнан Шаш (Ташкент) қаласында 1313 (1895) қой жылы, отыз жеті жасында алған.

Ұстазы Әкрамхан болса, «Дәлаил» оқу ижазатын ұстазы Шейх Әбу Абдуллаһ ән-Нақшбанди әс-Сейид Ахмед ибн Хожам әл-Исбижабидан алған. Алған жылы көрсетілмеген. Есіміне әл-Исбижаби қоса айтылғанына қарағанда бұл ғалым Сайрамнан (Исфижаб) екендігі белгілі болды.

Бұл кісі «Дәлаил» оқу ижазатын Шейх Сейид Абдулкарим әл-Йәмәни әл-Меккиден алған. Ол ижазатын Харам мешітінде өз қолымен жазып берген. Ахмед әл-Исбижаби мен Абдулкарим әл-Йәмәни туралы нақты мәліметтер әзірше жоқ.

Жалпы Мәшһүр Жүсіптің тәлім алған орталықтары, ұстаздары мен оқулық әдебиеттеріне осылайша қысқа шолу жасадық. Осыдан, Мәшһүр Жүсіп діни білім мен зайырлы ғылымды бірге ұштастырып, ғасырлар бойы кең байтақ далада қанат жайған рухани тәрбие әдісі, хал ілімі – сопылық дәстүрді тұла бойына сіңіріп, кемел адам дәрежесіне жеткен дара тұлға деп қорытынды жасаймыз.

## 5. Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Баянауылда, Ташкентте, Бұхарада оқыған деген жалаң сөзден басқа оның меңгерген ілімі, дәріс беріп, ілім үйреткен ұстаздары кім болғаны осы күнге дейін нақты айқындалып, ашық айтылған емес. Одан бөлек, Мәшһүр Жүсіп дәуіріндегі оқытылған «Әліп би», «Әптиек», «Шар» кітап, Сопы Аллаяр кітаптары, мұхтасар, шарх, қасиде және т.б. пәндер туралы нақтылы талдау жасалған емес. Біз бұл мақалада осындай олқылықтардың орынын толтырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім алу жолын шығыстық дереккөздер мен өзінің қолжазбалары негізінде тұңғыш рет зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп отырмыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының телегей-теңіз мұрасын зерттеп, алған білімі мен діни ілімін өз деңгейінде танып-таныту келешектің ісі. Ақынның өзі «менің мұрамды жинап, зерттеу үшін Айып пайғамбардың шыдамдылығы, Нұқ пайғамбардың жасы керек, Ніл өзеніндей сия керек» деп айтпақшы, Мәшһүр Жүсіп алған білім мен ілімнің түйінін шешу үшін әлі талай еңбектер жазылары хақ.



Әдебиетгер:

1. Абд ал-Қадир ибн Мухаммад-Амин. Маджма ал-ансаб ва-л-ашджар. История Казахстана в персидских источниках. Отв. ред. А.К. Муминов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 692 с.
2. Акрамов А. Тошкент энциклопедия. – Тошкент: «Ўзбекистон миллий энциклопедияси» Давлат илмий нашриёти, 2009. – 784 б.
3. Бабаджанов Б. Хусайнийя (2) // Ислам на территории бывшей Российской империи, т. 1. – Москва: Вост. лит., 2006. – 655 с.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 416 с.
5. Жуманазар А. Бухоро тағлим тизими тарихи. – Тошкент: Akademnashr, 2017. – 592 б.
6. Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях / Ред.: А. Муминов, А. фон Кюгельген, Д. ДиУис, М. Кемпер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 368 с.
7. Исмаилова Д. Из истории образования в школах Туркестана (конец XIX-начало XX вв.) // Scientific progress. т. 3, вып. 2, 2022. С. 1209–1012.
8. фон Кюгельген А. Легитимация среднеазиатской династии мангитов в произведениях их историков (XVIII—XIX вв.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 516 с.
9. Медерова Д.Е., Нурманова А.Ш., Дүйсенов Б.Д., Қ.С. Құрманбаева. «Исабек-Ишан қорымы» эпиграфикалық ескерткіштері тарихи-мәдени дереккөз ретінде // Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халқаралық ғылыми-практикалық конференция материалдыры / Редакцияны басқарған М.Қ. Әбусейітова. Құрастырушылар: Н.Ж. Шаймарданова, З.С. Таныбаева. – Алматы: «Шығыс пен Батыс» 2020. 368–376 бб.
10. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалар жинағы. Бірінші кітап / Құрастырып, баспаға дайындаған Ж. Салтақова. – Алматы: «Сенім болашақ» РҚБ, 2023. – 312 б.
11. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. 1-20 том. – Павлодар: ЭКО, 2013.
12. Муминов А.К. Научное наследие ханафитских ученых Центральной Азии и Казахстана: Монография. – Астана: Корпоративный фонд «Фонд поддержки духовных ценностей», 2018. – 216 с.
13. Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии / под редакцией С.М. Прозорова. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 400 с.
14. Нургазина Н.Д., Исахан М.Б. Постзолотоордынский декаданс и судьбы религии в казахском кочевом обществе XV – начала XVIII вв. // Золотоордынское обозрение. 2022. Т. 10, № 4. С. 910–934. DOI: 10.22378/2313-6197.2022- 10-4.910-934 EDN: SLYFKY
15. Остроумов Н. Мадрасы в Туркестанском крае // Журнал Министерства Народного Образования. вып. Новая серия Часть VII, 1907. С. 1–58.
16. Остроумов Н. Саргы. Этнографические материалы (Общий очерк), 3-е изд. – Ташкент: Типография газеты «Среднеазиатская жизнь», 1908. – 296 с.
17. Сафиуллина Р.Р. Арабская книга в духовной культуре татарского народа. – Казань: Издательство «Алма-Лит», 2003. – 211 с.
18. Софы Аллаяр. Сәбәт-ул әжизин (Әлсіздердің тірегі). Мәснәуи дастан. Түпнұсқа, жолма-жол аударма, көркем аударма. Қазақ қолжазбалары. «Көне түрік және қазақ жазба әдеби мұралары» (б.д.д. V ғ. бастап – б.д. XX ғ. дейін) 10 томдық басылым. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. Т. 7. – 408 б.
19. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих) Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 бет.
20. Шағырбаев А.Д. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 223 б.
21. Dehkhoda A. Loghatname (Encyclopedic Dictionary). Tehran: Tehran University Publications, 1998. – 1654 p.
22. Imam Qurbanghali hajy Halid ughly. Tawarih hamsa sharqi. – Qazan. Ornek matbughasy, 1910. – 798 p.

References:

1. Abd al-Qadir ibn Muhammad-Amin. (2005). *Majma al-ansab wa-l-ashjar. History of Kazakhstan in Persian sources*. Executive editor A.K. Muminov. – Almaty: Daik-Press. – 692 p. (in Kaz)
2. Akramov A. (2009). *Tashkent encyclopedia*. Tashkent: «National Encyclopedia of Uzbekistan» State Scientific Publishing House. – 784 p. (in Uzb)
3. Babadjanov B. Husayniyya (2) (2006). // *Islam on the territory of the former Russian Empire*, vol. 1. Moscow: Orient lit., 2006. – 655 p. (in Russ)
4. Valikhanov Ch.Ch. (1985). *Collected works in five volumes*. – Alma-Ata: Main editorial office of the Kazakh Soviet Encyclopedia. – 416 p. (in Russ)
5. Zhumanazar A. (2017). *History of Bukhara education system*. – Tashkent: Academic Publishing House. – 592 p. (in Uzb)
6. Islamization and sacred genealogies in Central Asia: the legacy of Ishak Baba in narrative and genealogical traditions / Ed.: A. Muminov, A. fon Kügelgen, D. DiWis, M. Kemper. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 368 p. (in Russ)
7. Ismailova D. (2022). From the history of education in schools of Turkestan (late XIX-early XX centuries) // *Scientific progress*. vol. 3, no. 2. pp. 1209–1012. (in Russ)
8. fon Kügelgen A. (2004). Legitimation of the Central Asian dynasty of the Mangits in the works of their historians (XVIII-XIX centuries). – Almaty: Daik-Press. – 516 p. (in Russ)
9. Mederova D.E., Nurmanova A.Sh., Dyussenov B.D., K.S. Kurmanbayeva. (2020). "Isabek-Ishan burial ground" epigraphic monuments as a historical and cultural source // *History and culture of the Great steppe. International scientific-practical conference materials* / edited by the M.K. Abuseytova. Compilers: N.Zh. Shaimardanova, Z.S. Tabyrbayeva. – Almaty: "East and West". pp. 368–376. (in Kaz)
10. Mashkhar Zhusip Kopeiuly. (2023). *A collection of selected works. The first book* / Compiled and prepared for publication by Zh. Saltakova. – Almaty: "Senim Bolashak" RKB. – 312 p. (in Kaz)
11. Mashkhar Zhusip Kopeiuly. (2013). *Works. Collection of works in 20 volumes. Volume 1-20*. Pavlodar: ECO. (in Kaz)
12. Muminov A.K. (2018). *Scientific heritage of Hanafi scientists of Central Asia and Kazakhstan: Monograph*. – Astana: Corporate Foundation "Fund for the Support of Spiritual Values". – 216 p. (in Russ)
13. Muminov A.K. (2015). *Hanafi mazhab in the history of Central Asia* / edited by S.M. Prozorova. – Almaty: Kazakh encyclopedias. – 400 p. (in Russ)
14. Nurtazina N.D., Isakhan M.B. Decadence of the post-Golden Horde era and the fate of religion in the Kazakh nomadic society of the 15th – early 18th centuries. *Zolotoordynskoe obozrenie=Golden Horde Review*. 2022, vol. 10, no. 4, pp. 910–934. DOI: 10.22378/2313-6197.2022-10-4.910-934 (in Russ)
15. Ostroumov N. (1907). *Madras in the Turkestan region* // *Journal of the Ministry of Public Education*. Issue New series Part VII. pp. 1–58. (in Russ)
16. Ostroumov N. (1908). *Sarty. Ethnographic materials (General outline)*, 3rd ed. Tashkent: Printing house of the newspaper "Central Asian Life". – 296 p. (in Russ)
17. Safiullina R.R. (2003). *Arabic book in the spiritual culture of the Tatar people*. – Kazan: "Alma-Lit" Publishing House. – 211 p. (in Russ)
18. Sofi Allayar. *Sabet-ulAjizin (The Support of the Weak). Masnawi saga. Original, line-by-line translation, artistic translation. Kazakh manuscripts. "Ancient Turkish and Kazakh written literary heritage" (from the 5th century BC to the 20th century BC) is a 10-volume publication*. – Almaty: "El-shezhire" PF, 2013. Vol. 7. – 408 p. (in Kaz)
19. Khalid Kurbangali. (1992). *Tawarih Hamsa: (Five Stories) Aud. B. Totenaev, A. Zholdasov*. – Almaty: Kazakhstan. – 304 p. (in Kaz)
20. Shagyrbayev A.D. (2018). *The religious view of the Mashkhar Zhusip Kopeiuly*. – Almaty: Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan. – 223 p. (in Kaz)
21. Dekhoda A. (1998). *Loghatname (Encyclopedic Dictionary)*. – Tehran: Tehran University Publications. – 1654 p. (in Eng)
22. Imam Qurbanghali hayj Halid ughly. (1910). *Tawarih hamsa sharqi*. – Qazan. Ornek printing. – 798 p. (in Tatar)